

1. Жалпы ережелер

1.1 Бұл жарғы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын **«Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледжі»** мекемесінің (ары қарай – Колледж) қызметін анықтайды.

1.2 Колледж 1957 жылы құрылған.

1.3 Колледждің құрылтайшысы **«Қазақстан Республикасының Тұтынушылар кооперациясының (Қазтұтынуодағы) одағы» ЗТБ** (Ары қарай - Құрылтайшы) болып табылады.

1.4 Колледждің атауы:

— Мемлекеттік тілде: **«Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледжі» мекемесі;**

— Орыс тілінде: **Учреждение «Колледж агробизнеса и экономики Казпотребсоюза».**

1.5 Колледждің орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, 071402, Семей қаласы, Мамай батыр көшесі, 81.

2. Колледждің заңды статусы

2.1 Колледж заңды тұлға, коммерциялық емес формасы бойынша жеке меншік мекеме болып табылады, жекелеген мүліктері, оған жедел басқару құқығында тағайындалған, дербес балансы, банк мекемелерінде есептік шоттары, мөрі, штампы, фирмалық бланкілері және басқа да мемлекеттік және орыс тілінде белгіленген үлгілердің деректемелері болады.

2.2 Колледж өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» және «Білім туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне, білім беру саласында өкілеттігі бар орган мен Құрылтайшының шешімдері мен нұсқауларына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

2.3 Колледж өз атынан азаматтық-құқықтық келісім-шарттар жасаса алады, меншіктік және басқа да құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады және жүзеге асыра алады, соттарда талапкер және жауапкер бола алады.

2.4 Колледж өз жауапкершілігі бойынша оның иелігіндегі ақшаға жауап береді. Оның жетіспеушілігі жағдайында Колледж міндеттемелері бойынша Құрылтайшы жауапты болады.

2.5 Колледждің қызмет ету мерзімі уақыт бойынша шектеусіз.

3. Колледж қызметінің мәні және мақсаты

3.1 Колледж қызметінің мәні жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

3.2 Колледж қызметінің мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті орта буын мамандарын даярлау болып табылады.

3.3 Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін Колледж келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Білім беру саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру.
- 2) Оқушыларға ғылым мен тәжірибенің жетістіктерінің, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде олардың қалыптасуы, дамуы мен кәсіптік біліктілігін арттыруға бағытталған сапалы білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау жолымен жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру.
- 3) Оқушылардың шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, олардың бойында адамгершілік пен салауатты өмір салтының мықты негізін қалыптастыру.
- 4) Кәсіптік білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне уақытында бейімделуге ықпал ететін жаңа оқу технологияларын енгізу және тиімді пайдалану.
- 5) Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және маман даярлаудың сапасын жетілдіру бойынша жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік серіктестермен интеграция жасау және бірлесіп қызмет ету.
- 6) Кадрларды қайта даярлау және біліктілігін көтеру, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту.
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.

3.4 Колледж жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бойынша мамандықтар классификаторына сәйкес біліктіліктер бойынша лицензия берген лицензиялары болған жағдайда, жалпы білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

4. Колледждің басқару органы

4.1 Колледждің басқару органы болып табылады:

- 1) Басқарудың жоғарғы органы – Құрылтайшы;
- 2) Басқарудың атқарушы органы – Директор;
- 3) Бақылаушы орган – Ревизор.

4.2 Колледждің білім беру қызметін мемлекеттік реттеу және басқару Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 Құрылтайшы Колледж қызметінің кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

4.4 Құрылтайшының айрықша құзыреттілігіне жатады:

- 1) Колледж жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа өңдеулермен қабылдау.
- 2) Колледждің басқару органдарының ұйымдастыру құрылымын, құзыреттіліктерін анықтау, директордың, бас бухгалтердің және директордың орынбасарының (орынбасарларының) лауазымына тағайындау немесе өкілеттілігін тоқтату.
- 3) Басқа заңды тұлға, өз филиалдарын және өкілдіктерін құруда немесе қызметінде Колледждің қатысуы туралы заңнамалық актілерде белгіленген шешім қабылдау.
- 4) Колледждің мүліктеріне иелік ету, соның ішінде мүлікті кепілдікке, жалға, ақысыз пайдалануға беру және сенімгерлік басқаруға беру.
- 5) Колледждің қаржылық есептілігін ұсынудың, сондай-ақ бақылау органының тексеру ретін және олардың нәтижесін бекітудің реті мен мерзімін анықтау.
- 6) Кірістер мен шығыстар сметасын, штаттық кестені, Колледж қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу формасын және қорын бекіту.
- 7) Колледждің өз еркімен қайта ұйымдастырылуы және таратылуы.

4.5 Директор Колледж қызметінің ағымдағы басшылығын атқарады, Құрылтайшыға есеп беруге міндетті және келесі өкілеттіліктерге ие:

- 1) Колледж атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік және басқа да органдарда оның мүдделерін білдіреді.
- 2) Құрылтайшымен бекітілген смета шегінде Колледждің қаржылық ресурстарын жұмсай алады, оның ішінде материалдық базаны дамытуға.
- 3) Келісім шарттар жасасу, оның ішінде еңбек шарттары, сенімхаттар бере алады.
- 4) Банк мекемелерінде есеп шоттар ашады.
- 5) Колледж қызметкерлеріне орындау үшін міндетті бұйрықтар мен жазбаша өкімдер береді.
- 6) Колледж қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, оларға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес ынталандыру және жазалау шараларын қолданады.
- 7) Директордың орынбасары мен Колледждің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді.

- 8) Білім беру саласындағы өкілетті орган мен Құрылтайшының шешімдері мен талаптарын ұйымдастырады және іс жүзіне айналдырады.
- 9) Мұрағаттық істі ұйымдастырады, Колледждің ішкі тәртіп Ережелерін, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құрастырады және бекітеді.
- 10) Құрылтайшының айрықша құзыреттілігіне осы Жарғымен қатысты мәселелерден басқа Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін Колледждің ағымдағы қызметінің кейбір мәселелерін шешеді.

4.6 Колледж директоры жеке жауапты:

- 1) Колледждің қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайына, мүлік пен мұрағаттың сақталуына.
 - 2) Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша ұйымдастыру жұмыстарының бұзылуына.
 - 3) Оқушылардың, оқытушылар мен Колледждің басқа қызметкерлерінің құқықтары мен бостандығының бұзылуына.
 - 4) Өзінің құзыреттілігіне қатысты міндеттемелердің орындалмауына.
 - 5) Білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартының, типтік оқу жоспарларының және оқу бағдарламаларының талаптарының орындалмауына.
 - 6) Оқу-тәрбие үрдісі кезінде оқушылардың, оқытушылардың және басқа қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына.
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамаларының және білім беру саласындағы өкілетті органдардың талаптарын орындамағанда..
- 4.7 Колледждің қаржы-шаруашылық қызметіне Ревизор бақылау жүргізеді.
- 4.8 Ревизор өз қызметін Құрылтайшының нұсқауларына сәйкес жүргізеді, оған есеп беруге міндетті және оның иелігінде болып табылады.

5. Колледждің мүлікті қалыптастыру және меншік көзі

5.1 Осы Жарғыда қарастырылған Колледждің қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін Құрылтайшыдан берілген нысандар мен мүліктерді жедел басқаруға құқылы.

5.2 Колледждің мүлікті қалыптастыру көзі болып табылады:

- Құрылтайшыдан алынған мүліктер.
- Өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктер.
- Білім беру және басқа қызметтерді жүзеге асырудан түскен кіріс.
- Басқа, заңмен тыйым салынбаған түсімдер.

5.3 Жедел басқаруда болып табылатын мүліктерді пайдаланудан түскен кірістер, сондай-ақ Колледж келісім шарттар немесе басқа негіздемеде сатып алған мүліктер Құрылтайшының меншігі болып табылады және белгіленген тәртіпте Колледждің жедел басқаруына түседі.

5.4 Құрылтайшыдан берілген мүліктер Колледждің балансында көрсетіледі.

5.5 Колледждің Құрылтайшының келісімінсіз олардың жедел басқаруына алынған мүліктерге иелік етуге құқығы жоқ.

6. Колледжде жүзеге асырылатын білім беру оқу бағдарламалары

6.1 Колледжде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу бағдарламалары жүзеге асырылады.

6.2 Колледж мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартпен мазмұны реттелетін типтік оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

6.3 Техникалық және кәсіптік білім беру оқу бағдарламалары теориялық және өндірістік оқу және кәсіптік практикадан тұрады.

6.4 Білім беру бағдарламаларының мазмұны техникалық және кәсіптік білім берудің жоғары оқу орындарының 1-2 курстарының білім беру бағдарламаларымен интеграцияланып оқытылуын қарастырады.

6.5 Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін білім беру бағдарламалары жалпы кәсіптік, экономикалық, арнайы пәндерді оқыту және таңдаған мамандығы бойынша болашақ кәсіптік қызметін анықтайтын оқу-өндірістік жұмыстардың орындалуын қарастырады.

6.6 Колледж жүзеге асыратын ортадан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары техникалық және кәсіптік білім беру мен бакалавриаттың жекелеген пәндерінің интеграцияланған, модульдік бағдарламаларын оқытуды қарастырады.

6.7 Колледж колледжде оқытылатын теориялық оқу мен алпыс пайыздан кем емес өндірістік оқуды, кәсіпорын базасындағы практиканы қарастыратын дуальды Типтік оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

7. Колледжге оқуға қабылдау және оны бітіру тәртібі

7.1 Колледжге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарына қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүргізіледі.

7.2 Колледжге «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметтер көрсетуді реттеуге сәйкес негізгі орта немесе жалпы орта білімі бар тұлғалар қабылданады.

7.3 Орта білімнен кейінгі оқу бағдарламалары бойынша азаматтарды оқуға қабылдау білім беру саласында өкілетті органдар анықтайтын шарттары бойынша жүзеге асырылады.

7.4 Оқуға қабылдау үшін оқуға түсу емтихандарын ұйымдастыру және оқушылар қатарына қабылдауға Колледждің директорымен Қабылдау комиссиясы құрылады.

7.5 Оқытудың толық курсы мен қорытынды аттестация аяқталған соң Колледж бітірушілерге мемлекеттік үлгідегі білімі туралы құжат пен орта буын маманы біліктілігі беріледі.

8. Оқу мен тәрбиенің білім беру үрдісінің (оның ішінде тіл, тілдер) тәртібі, оқушылардың оқу режимі

8.1 Колледжде оқу күндізгі, сырттай және дистанциялық формада және экстернат бойынша жүргізіледі.

8.2 Колледж Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу-тәрбиі үрдісін өздігінен ұйымдастырады.

8.3 Колледждегі оқу және тәрибе жұмысының есебі теориялық және өндірістік оқыту есебінің журналдары және сағат бойынша оқу уақытын есепке алу ведомстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

8.4 Нақты мамандық бойынша Колледжде жүргізілетін білім беру бағдарламаларының мазмұны, оларды игеру мерзімі типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары талаптарына сәйкес әзірленген жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларында белгіленеді.

8.5 Колледжде оқу және тіл саясаты мемлекеттік және орыс тілінде, сондай-ақ шет тілдерінің бірінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамаларына және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

8.6 Колледж кеңестік (коллегиялық) органдарды (педагогикалық және әдістемелік кеңестер, пәндік немесе циклдық комиссиялар), сондай-ақ дайындық курстарын, оқу-өндірістік шеберханаларды, оқу шаруашылықтары мен полигондарды, біліктілігін көтеру және кадрларды қайта даярлау бөлімдерін өздігінен құрады.

9. Колледждің оқушымен және (немесе) олардың ата-анасымен (заңды өкілімен) қарым-қатынасын рәсімдеу тәртібі

9.1 Колледждің оқушымен және (немесе) олардың ата-анасымен (заңды өкілімен) қарым-қатынасын рәсімдеу білім беру қызметтерін ұсыну туралы келісім шарт жасасу арқылы реттеледі.

9.2 Колледжде білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету ақылы түрде жүргізіледі, білім беру қызметінің ақысының көлемі мен төлеу мерзімі, сондай-ақ басқа шарттар келісім шартта көрсетіледі.

9.3 Колледж оқушыларға типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары талаптарының үстінен (жастар шығармашылығын дамыту, спорттық секциялар, мәдениет пен өнерді дамыту бойынша қосымша сабақтар, біліктілігін көтеру және басқа қызметтер) ақылы түрде қосымша қызметтер ұсынуға құқылы.

9.4 Білім беру және қосымша қызметтердің төлем ақысының мөлшерін Колледж жыл сайын (мерзімді) Құрылтайшымен келіседі.

10. Оқушы тұлғалар мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) құқықтары мен міндеттері

10.1 Колледжде оқушы тұлғалар құқылы:

- 1) Типтік оқу жоспарлары мен типтік оқу бағдарламаларына сәйкес сапалы білім беру қызметтерін алуға;
- 2) Колледждің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу құралдарымен тиісті тәртіпте қамтамасыз етілуге;
- 3) Колледждің спорт залы, оқу және акт залы, кітапханасының қызметтерін тегін пайдалануға;
- 4) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларының белгілеген шегінде өз көзқарастары мен пікірлерін еркін білдіруге, адамдық қасиеттерін құрметтеуге;
- 5) Оқуда, ғылыми және шығармашылық жұмыста жетістіктері үшін ынталандыруға және марапатталуға.

10.2 Колледжде оқушылар міндетті:

- 1) Таңдаған мамандық бойынша білім, білік және кәсіптік дағдыларды меңгеруге;
- 2) Оқу бағдарламасы бойынша сабақтың барлық түріне адал қатысуға;
- 3) Өз денсаулығына қамқорлық жасап, рухани және физикалық жетілуге ұмтылуға;
- 4) Колледж мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 5) Басқа оқушылардың, сондай-ақ Колледж қызметкерлерінің абыройы мен намысын сыйлауға;
- 6) Колледждің ішкі тәртіп бойынша ережесін сақтауға;
- 7) Оқуға арналған келісім шарттың шарттарын уақытында орындауға;
- 8) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларында және осы Жарғыда белгіленген басқа талаптарды орындауға.

10.3 Оқушыларға міндеттемелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларында, Колледждің ішкі тәртіп

туралы ережелерінде, оқу келісім шартында және осы жарғыда қарастырылған тәртіптік және басқа жазалау шаралары қолданылады.

10.4 Оқушылардың ата-аналары немесе олардың заңды өкілдері құқылы:

- 1) Өз балаларының заңды құқығы мен мүдделерін қорғауға;
- 2) Өз балаларының оқу үлгерімі мен тәртібі туралы, сондай-ақ оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылу шарттары туралы ақпараттар алуға;
- 3) Колледждің кеңестік (коллегиялық) органдарының жұмысына қатысуға.

10.5 Ата-аналар немесе заңды өкілдер міндетті:

- 1) Балалардың өмірі үшін олардың интеллектуалды және физикалық қабілетінің, адамгершілік қалыптасуының дамуын қамтамасыз ететін, салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға;
- 2) Өз балаларының тәрбиесі үшін жауап беруге;
- 3) Білім беру қызметін көрсету туралы келісім шартта көрсетілген шарттарды мерзімінде және толық көлемде орындауға;
- 4) Балалардың сабаққа уақытында келуін қамтамасыз етуге;
- 5) Балаларды оқыту және тәрбиелеуде Колледжге көмек көрсетуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

11. Үлгерімді ағымдағы бақылау жүйесі, оларды жүргізудің формалары мен тәртібі, оқушыларды оқудан шығарудың негізі және тәртібі.

11.1 Колледж үлгерімге ағымдағы бақылау жасауды жүзеге асырады, оқушының білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру сапасын бағалау мақсатында аралық және қорытынды аттестаттау жүргізеді.

11.2 Оқушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестация білім беру саласындағы өкілетті органдармен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

11.3 Колледжде оқу сабақтарының келесі түрлері қолданылады: сабақ, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өздік жұмыс, консультация, практика, курстық және дипломдық жобалау.

11.4 Аудиториялық сабақтың ұзақтығы мен оқушылардың білім сапасын бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, сондай-ақ білім беру саласындағы өкілетті органдардың ережелері мен нұсқауларына сәйкес жүргізіледі.

11.5 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімі және мазмұны мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартының талаптарының негізінде құрастырылған Колледждің жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларында анықталады.

11.6 Оқушылардың кәсіптік практикасын өткізу үшін Колледж практика базасы ретінде кәсіпорынды анықтайды, келісім шарт негізінде олармен

келісілген практика өтудің бағдарламалары мен күнтізбелік графигі, сондай-ақ тараптардың басқа да шарттары мен міндеттері бекітіледі.

11.7 Оқушы тұлғалар келесі негіздемелерде оқудан шығарылуы мүмкін:

- 1) Өз еркі бойынша;
- 2) Денсаулық жағдайы бойынша.
- 3) Басқа оқу орнына ауысуымен байланысты.
- 4) Академиялық үлгермеушілік және сабақты себепсіз босату.
- 5) Оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін және осы Жарғыда қарастырылған талаптарды бұзғаны үшін.
- 6) Білім беру қызметін көрсету туралы келісім шарттың шарттарын бұзғанда.
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа жағдайларда.

11.8 Оқушыларды оқудан шығару тәртібі Қазақстан Республикасының әрекет етуші Заңнамаларының және білім беру саласының құзыретті органдарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

12. Колледждің педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

12.1 Педагогикалық қызметкер мен Колледж арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес жасалған жеке еңбек келісім шартында реттеледі.

12.2 Педагогикалық қызметке жоғары педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар тұлғалар жіберіледі.

12.3 Колледждің педагогикалық қызметкері құқылы:

- 1) Кәсіптік біліктілігін көтеруге.
- 2) Колледждің оқу-әдістемелік құралдарын және басқа әдістемелік құжаттарын жетілдіруге қатысуға.
- 3) Еңбек жағдайлары қамтамасыз етілген жағдайда педагогикалық қызметпен, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға.
- 4) Колледждің кеңестік (коллегиялық) органдарының жұмысына қатысуға.
- 5) Өзінің кәсіптік абыройы мен намысын қорғауға.
- 6) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларында қарастырылған басқа құқықтар.

12.4 Педагогикалық қызметкер міндетті:

- 1) Білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына сәйкес оқушы тұлғаларды білім, білік және дағдымен қамтамасыз етуге.
- 2) Оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етуге.
- 3) Лауазымдық міндеттерін адал орындауға.

- 4) Еңбек тәртібін және қызметтік әдеп нормаларын сақтауға.
- 5) Өзінің біліктілігін көтеру және бес жылда бір реттен кем емес уақытта аттестациядан өтуге.
- 6) Оқушылар мен жұмыстағы әріптестерінің ар-намысын құрметтеуге.
- 7) Салауатты өмір салтын жүргізу және оны оқушы тұлғалар арасында насихаттауға.
- 8) Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі Ережелерінің талаптарын орындауға.
- 9) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларында қарастырылған басқа талаптарды орындауға.

13. Қаржыландыру, есеп және есеп беру

13.1 Колледж қызметі ақылы білім беру және басқа қызметтерден түскен кіріс, Құрылтайшының қаржысы есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған басқа да көздер арқылы қаржыландырылады.

13.2 Қаржылық ресурстарды пайдалануды Колледж Құрылтайшымен бекітілген кірістер мен шығыстар Сметасына сәйкес жүзеге асырады.

13.3 Ағымдағы оқу (күнтізбелік) жылдағы пайдаланылмаған қаржылық ресурстар келесі оқу (күнтізбелік) жылына Колледж қызметіне жұмсауға көшеді.

13.4 Колледж белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есеп жүргізеді, қаржылық және статистикалық есеп берулер құрастырады.

13.5 Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есеп беру Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңына, сондай-ақ Құрылтайшының келісімімен Колледж директорымен бекітілген Есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Халықаралық ынтымақтастық және сыртқы саясат қызметін ұйымдастыру

14.1 Колледж Құрылтайшының келісімі бойынша шетелдік білім беру мекемелерімен және білім беру саласындағы халықаралық ұйымдармен тікелей байланыс орнатуға құқылы.

14.2 Шет ел азаматтарын оқыту, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру Құрылтайшының рұқсатымен және Қазақстан Республикасының заңнамалары белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.

15. Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер.

15.1 Осы Жарғыны бекіткен күнге дейін Колледждің филиалы және өкілдіктері жоқ.

16. Колледжді қайта ұйымдастыру және тарату.

16.1 Колледжді қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосылу, бөліну, бөлу, түрлендіру) Құрылтайшының шешімімен және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және басқа заңнамалық актілермен қарастырылған тәртіпте жасалады.

16.2 Колледж Құрылтайшының шешімімен өз еркімен және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және басқа заңнамалық актілермен қарастырылған тәртіпте және негізде мәжбүрлі (сот шешімімен) таратылуы мүмкін.

16.3 Құрылтайшы немесе Колледжді тарату туралы шешім қабылдаған орган ол туралы әділет органдарына жазбаша хабарлайды, тарату комиссиясын (таратушы) тағайындайды және Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларына сәйкес Колледжді тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

16.4 Құрылтайшы немесе Колледжді тарату туралы шешім қабылдаған орган Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіп пен жағдайларда оқушылардың оқу жылын басқа оқу орындарында аяқтауы үшін шаралар қабылдауға міндетті.

17. Қорытынды ережелер

17.1 Колледж таратылған жағдайда кредитордың талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүліктері Құрылтайшыға өткізіледі.

17.2 Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Құрылтайшының басқармасының қаулысының негізінде жасалады.

17.3 Осы Жарғыда реттелмеген басқа мәселелер бойынша Колледж Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларын басшылыққа алады.

«Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледжі» мекемесінің директоры

 Т.М.Джандыбаев



Утвержден

Управлением ОЮЛ «Союз потребительской
кооперации Республики Казахстан (Казпотребсоюз)»
в постановлении № 14 от 25.10 2017 года)

Устав

Учреждения «Колледж агробизнеса и экономики Казпотребсоюза»

г. Семей, 2017 год

1. Общие положения

1.1 Настоящий Устав определяет порядок деятельности Учреждения **«Колледж агробизнеса и экономики Казпотребсоюза»** (именуемый в дальнейшем - Колледж), реализующего образовательные программы общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования.

1.2 Колледж создан в 1957 году.

1.3 Учредителем Колледжа является **ОЮЛ «Союз потребительской кооперации Республики Казахстан (Казпотребсоюз)»** (далее - Учредитель).

1.4 Наименование Колледжа:

- на государственном языке: **«Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледжі» мекемесі;**

- на русском языке: Учреждение **«Колледж агробизнеса и экономики Казпотребсоюза»**.

1.5 Место нахождения Колледжа:

Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, 071402, город Семей, ул. (пр-кт) Мамай Батыра, дом № 81.

2. Правовой статус Колледжа

2.1 Колледж является юридическим лицом, некоммерческой организацией в форме частное Учреждение, имеет имущество, закрепленное за ним на праве оперативного управления, самостоятельный баланс, счета в банках, печать, штампы, фирменные бланки и другие реквизиты установленного образца на государственном и русском языках.

2.2 Колледж осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» и «Об образовании», иными законодательными актами Республики Казахстан, решениями и указаниями Учредителя и уполномоченного органа в области образования, а также настоящим Уставом.

2.3 Колледж от своего имени может заключать гражданско-правовые договора, приобретать и осуществлять имущественные и иные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в судах.

2.4 Колледж отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При их недостаточности ответственность по обязательствам Колледжа несет Учредитель.

2.5 Срок деятельности Колледжа неограничен во времени.

3. Предмет и цель деятельности Колледжа

3.1 Предметом деятельности Колледжа является реализация образовательных программ общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования.

3.2 Целью деятельности Колледжа является подготовка квалифицированных специалистов среднего звена конкурентоспособных на рынке труда.

3.3 Для реализации поставленной цели Колледж осуществляет следующие виды деятельности:

1) осуществление производственно-хозяйственной деятельности в сфере образования;

2) реализация образовательных учебных программ общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования путем создания необходимых условий для получения обучающимися лицами качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление их на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики;

3) развитие творческих, духовных и физических возможностей обучающихся, формирование у них прочных основ нравственности и здорового образа жизни;

4) внедрение и эффективное использование новых технологий обучения, способствующих своевременной адаптации профессионального образования к изменяющимся потребностям общества и рынка труда;

5) интеграция и взаимодействие с работодателями и другими социальными партнерами по совершенствованию образовательных программ и качества подготовки специалистов;

6) переподготовка и повышение квалификации кадров, краткосрочное профессиональное обучение;

7) другие виды деятельности, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан.

3.4 Колледж реализует общеобразовательные учебные программы при наличии лицензий, выданные лицензиаром по квалификациям в соответствии с классификатором специальностей технического и профессионального, послесреднего образования.

4. Органы управления Колледжа

4.1 Органами управления Колледжа являются:

- 1) высший орган управления - Учредитель;
- 2) исполнительный орган управления - Директор;
- 3) контрольный орган – Ревизор.

4.2 Государственное регулирование и управление образовательной деятельности Колледжа осуществляется в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании».

4.3 Учредитель вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Колледжа.

4.4 К исключительной компетенции Учредителя относятся:

1) внесение в устав Колледжа изменений и дополнений или принятие его в новой редакции;

2) определение компетенции, организационной структуры органов управления Колледжа, назначение на должность и прекращение полномочий директора, главного бухгалтера и заместителя (заместителей) директора;

3) принятие в пределах, установленных законодательными актами, решения об участии Колледжа в создании или деятельности других юридических лиц, своих филиалов и представительств;

4) распоряжение имуществом Колледжа, в том числе передача имущества в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

5) определение порядка и периодичности представления финансовой отчетности Колледжа, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждение их результатов;

6) утверждение сметы доходов и расходов, штатного расписания, фонда и формы оплаты труда работников Колледжа;

7) добровольной реорганизации или ликвидации Колледжа.

4.5 Директор осуществляет текущее руководство деятельностью Колледжа, подотчетен Учредителю и имеет следующие полномочия:

1) без доверенности действует от имени Колледжа, представляет его интересы в государственных и иных органах;

2) распоряжается финансовыми средствами Колледжа, в том числе на развитие материальной базы, в пределах сметы, утвержденной Учредителем;

3) заключает договоры, в том числе трудовые, выдает доверенности;

4) открывает счета в банковских учреждениях;

5) издает приказы и дает письменные распоряжения, обязательные для исполнения работниками Колледжа;

6) принимает на работу и увольняет работников Колледжа, принимает в отношении их меры поощрения и дисциплинарного взыскания в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан;

7) утверждает персональные обязанности заместителя директора и руководителей структурных подразделений Колледжа;

8) организует и претворяет в жизнь решения и требования уполномоченного органа в области образования и Учредителя;